

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Экономика және басқару факультеті

Халықаралық қатынастар кафедрасы

“Халықаралық қатынастар” кафедрасының PhD, аға оқытушысы Н Турузбеков және ЗХҚ-511 тобының “Жемқорлық-індет, жою-міндет” тақырыбында өткізген тәрбие сағаты

24.10.2025ж.

Қатысушылар: Топ басшылары мен студенттер қатысты

Күн тәртібінде:

- 1).Жемқорлықтың Қоғамға Тигізетін Зияны және Оның Түрлері.
- 2).Жемқорлыққа Қарсы Күрестегі Тұжырымдамалық және Заңнамалық Шектеулер.
- 3).Жемқорлықты Жою Жолдары мен Оның Алдын Алудағы Қоғамның Рөлі.

Экономика және басқару факультетінің «Халықаралық қатынастар» кафедрасында «Жемқорлық – індет, жою – міндет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Іс-шараның мақсаты – студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық пен әділдік қағидаттарын дәріптеу болды.

Біз жемқорлықтың тек экономикалық емес, сонымен қатар қоғамдық әділдік пен мемлекеттік институттарға деген сенімді бұзатын қауіпті індет екеніне көз жеткіздік. Талқылау барысында жемқорлықты жою – ортақ міндет екені айқындалды.

Кездесу барысында қатысушылар жемқорлықтың қоғам дамуына тигізер зияны, оның экономикалық және әлеуметтік салдары туралы пікір алмасты. Студенттер өз ойларын ортаға салып, адал еңбектің және жауапкершіліктің маңыздылығын атап өтті.

Шара соңында қатысушылар «жемқорлықпен күрес – әр азаматтың борышы» деген ортақ пікірге келді. Мұндай іс-шаралар жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, ел болашағына бей-жай қарамайтын белсенді ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған.

Қабылданған шешімдер мен ұсыныстар тек қағаз жүзінде қалмай, іс-жүзінде жүзеге асырылуы тиіс. Әрбір мемлекеттік қызметші, бизнес өкілі және қоғам мүшесі жемқорлыққа қарсы тұруды өзінен бастауы қажет.

Осы іс-шараның нәтижесі – алдағы уақытта жемқорлыққа қарсы күресті жаңа деңгейге көтеруге деген ортақ ниетіміз бен міндеттеміз. Біз бірлесе отырып, адал және әділетті қоғамды құра аламыз!





